

Дәріс №10

Тақырыбы: Кимек қағанаты (IX-XI ғ.ғ. б.).

Дәрістің мақсаты: Студенттер Гардизи аңызына т.б. араб-парсы деректері негізінде кимектердің мекен еткен территориясы, этникалық құрамы, мемлекеттік ұйымы, қоғамдық құрылысы жөнінде мәліметтер біледі; жазба деректерді саралай алады; тарихи картадан мемлекеттің территориясын жақсы бағамдауға дағдыланады.

Мазмұны: 1. Араб-парсы деректері қимақтар жайында. 2. Кимектердің шығу тегі, территориялық орналасуы, тайпалық құрамы. 3. Қағанаттың құрылуы. Қоғамдық құрылысы.

Араб-парсы деректері қимақтар жайында.



Қимақтардың жеке тайпа болып құрыла бастауы, тарих сахнасына көтерілуі Батыс Түркі қағанатының шығыс бөлігінің 656 ж. ыдырай бастаған кезі. Қимақтар туралы алғашқы деректер б.д.б. қытай жылнамаларында кездеседі. Қытай тарихнамасының негізін қалаушы Сыма Цыянның жазуы бойынша солтүстік Монғолия жерін мекендеген тайпалардың ішінде қимақтардың құрамына кірген қыпшақ этнонимі болған. Күлтегін ескерткішіндегі «татаба» тайпасы қимақ тайпасы деген пікір орын алып жүр. Кейбір зерттеулер бұл пікірдің негізсіз еместігін растайды. Қимақтар туралы басты хабарлары IX-XI ғғ. араб-парсы деректерінде көп кездеседі. Сондай негізгі деректің бірі, IX ғ. I-жартысында өмір сүрген араб тарихшысы Абул Валид Мухаммад Әл-Азракидің «Меке қаласының жылнамасы» атты еңбегі. Бұл еңбекте Отырар аймағындағы қарлұқ жабғуының қимақ еліне қарай қуып жіберілгендігі хабарланған. Бұл хабардан Отырар аймағына арабтардың келе бастағандығы байқалса, екіншіден қимақ елінің VIII ғ. өзінде белгілі бола бастағандығын білдіреді. Қимақ, қыпшақтар туралы мұндай хабарларда Тамим ибн Бахар, Әл-Джахиз, Ибн Хордадбех, Әл-Истархи, Ибн Хаукал сияқты т.б көптеген мұсылман авторлары қалдырған.

Кимектердің шығу тегі, территориялық орналасуы, тайпалық құрамы.



Қимақтар IX.ғ. бастап өз алдына жеке мемлекет болып өмір сүрген. «Худуд Әл-аламның» хабары бойынша, Қимақ мемлекетінің орталығы – Имақия қаласы. Жазба деректердің хабарына қарағанда қимақтардың екінші орталығы – Алакөлдiң шығыс жағындағы Қарантия қаласы.

Қимақ сөзінің этимологиясы турлы ғылымда белгілі, тиянақты пікір қалыптаспаған. Бірақ та оның түрік сөзі екендігіне күмән жоқ.. Сөздің түпнұсқасы түрікше «күм» деген ұғымды білдіретін тәрізді. Деректерде қимақ, имақ (имек) болып әрқалай кездеседі. Атақты түрік тілінің маманы М. Қашқаридың еңбектерінде де имақтар деп жазылған. Әрине, мәселе бұл сөздің пайда болуында емес, басты мәселе IX-XI ғғ. қимақ тайпаларының этникалық құрамының пайда болуында, олардың бірігуі, ыдырауы, ең соңында бұл тайпалардың қандай халықтардың құрамдарына енуінде.

Қимақтардың этникалық құрамы туралы алғашқы мағлұмат Гардизидің «Зайнә-л-акбар» атты еңбегінде аңыз түрінде кездеседі. Онда «Татар хан» өліп, артында оның екі ұлы қалған. Үлкені әкесінің бар байлығына ие болса керек. Кішісі Шад қызғаныштан, ағасына қастандық жасайды. Қастандық сәтсіз болып, өз басына қатер төнген Шад бір күнімен қашып кетеді. Олар орман-тоғайы, аңға толы, жан-жануары мол бір үлкен дарияның жағасына орналасады. Кейіннен бұларға сол татар хандығынан 7 адам келіп қосылады. Олар: Ими, Имақ, Татар, Байандар, Қыпшақ, Ланиказ, Ажлад. Бұлар Шадқа бағынышты болып, оның қарамағында өмір кешкен. Міне осы жеті адамның аты келешектегі қимақ тайпаларының бірлестігін құрған тәрізді. Бұл мезгіл қимақ тайпаларының VII ғ. ортасында Солтүстік Алтай мен Ертіс өзенінің аралығына келіп орын тепкен кезі. Ал Гардизи бұл тайпалар жөнінде ешнәрсе ашып жазбаған. Аңыздың пайда болған мерзімі де белгісіз. Егер Ибн Хордадбектің түрік тайпаларының жазған тізімі шын мәнінде VIII ғ. болып табылса, онда қимақ тайпаларының бұл кезде белгілі болғандығына ешбір шек келтіруге болмайды. И. Марквартта қимақ тайпаларының бірлестігінің құрылған мерзімі VIII ғ. алғашқы кезі. Бірақ та И. Марквартт пікірі бойынша қимақтарды монғол тұқымдас тайпа деп көрсетеді.

Келтірілген аңыздағы хабар мен тарихи деректер қимақ тайпасының құрылған мерзімін шын мәнінде VII ғ. II-жартысы деген ой туғызады. Шындығында, мұсылман т.б. деректерде, аңызда келтірілген 7 адамның аты,

тайпалардың аты есебінде қимақ тайпаларының бірлестігінде кездесіп отырады. 840 ж. Ұйғыр қағанаты құлаған соң Әймур, Баяндыр, Татар тайпалары қимақтарға келіп қосылған. Ал аңыз бойынша бұл тайпалар бұрыннан-ақ бар.

ҮІІ ғасырдың ортасында қимақтар Алтайдан солтүстірек, Ертіс маңын мекен еткен және Батыс түрік қағанатының құрамында өмір сүрген; қағанат құлағаннан кейін 656 жылы қимақтар батыс-түрік ортасынан оқшауланады. Осы кез қимақ тайпалар одағының қалыптастырған басшысы «шад-тұтық» деген атаққа ие болған.

ҮІІ ғасырдың ІІ-ші жартысы мен ІХ ғасырдың бас кезінде қимақ тайпалары үш бағытқа: солтүстік батысқа – Оңтүстік Орал жағына; оңтүстік батысқа – Сырдария бойы мен Оңтүстік Қазақстанға; оңтүстікке – Жетісудың солтүстік-батыс жағына қарай қозғалады. 766 жыл және 840 жыл кимектер Батыс Алтай, Тарбағатай мен Алакөл ойпатының жерлерін жайлап, Шығыс Түркістанды мекендеген тоғыз оғыздардың теріскей шебіне дейін жетеді. Олардың арасындағы шекара жоңғар қыраты арқылы өтетін.

Ұйғыр қағанаты құлағаннан кейін 840 жылы оған кірген тайпалардың бір бөлігі (имур, байандұр, татар) қимақ бірлестігінің құрамына кірді. Міне осы уақытта Гардизи көрсеткен қимақ федерациясының құрамы қалыптасты. Қимақтық тайпалар бірлестігінің құрылуымен олардың билеушісінің атақ дәрежесі өзгерді. Енді қимақ тайпасының билеушісі «байғұ» деген атаққа ие болды. Ортағасырлық түрік-араб сөздіктерінде «байғұ» терминінің мағынасы «бүркіт» немесе «қыран» дегенді білдіреді.

Билік үшін болған қатыгез күрестің барысында оғыздардың басым бөлігі 766 жылдан кейін Жетісу шегін тастап, Сырдария өзенінің төменгі ағысы мен Арал маңындағы далада саяси гегемонияға ие бола алған жоқ. Тек ІХ ғасырдың ортасы мен соңының аралығында оғыздар көсемдері қимақтармен және қарлұқтармен одақ құра отырып, осы жерді мекен еткен қанғар-печенег тайпаларына соққы беріп бұл облыстарға иелік құрған.

Қимақтар оғыздармен достық қарым-қатынасты сақтаудың арқасында ІХ ғасырдың соңындағы оқиғаларға араласты. Бұл кезде оғыздар хазарлармен әскери одақ құрып печенегтерге күйрете соққы беріп Орал мен Еділ аралығына билік жүргізді. Бұны Х-ХІ ғасырлардағы араб-парсы деректерінің жанама мәліметтері көрсетеді. Оларда қимақтар мен оғыздардың біріккен көшім-қонысы Ембі мен Оралдан Каспий теңізіне дейін жеткен деп көрсетілген.

Қағанаттың құрылуы. Қоғамдық құрылысы.



ҮІІІ ғасырдың ІІ-ші жартысы мен ІХ ғасырдағы буырқанған оқиғалар барысында қимақтар Ертістен Жоңғар қақпасына дейінгі территорияда бекінуі қимақтарда мемлекеттік ұйымның дамуына түрткі болды. Қимақтардың мемлекеті туралы алғашқы мәлімет ІХ ғасырдың соңы – Х ғасырдың басындағы араб тілді тарихи-географиялық шығармаларында кездеседі. Осыған сәйкес олардың державасының қалыптасуы уақытын осы кезеңге жатқызуға болады.

Ең алғашқы мәлімет Әл-Якубидің шығармасында кездеседі. Түркітілдес тайпалар мен халықтар жөніндегі бөлімінде ол мынадай хабарламалар береді: «Түркістан мен түріктер бірнеше халықтар мен мемлекеттерге (мамалик) бөлінеді, соның ішінде қарлұқтар, тоғыз-оғыздар, қимақтар және оғыздар. Әрбір түрік тайпасының бөлек мемлекеті бар және олар бір-бірімен соғысып отырады».

ІХ-Х ғасырлардағы қимақтар туралы қызықты мәліметтер Ибн Әл-Факихтың еңбегінде кездеседі. Ғұздар, тоғыз-ғұздар, қимақтар Әл-Факихтың мәліметі бойынша түріктердің ішіндегі ең күшті тайпалар. Олардың патшалары бар. Әл-Истахри мен Ибн әл-Хаукаль «түріктердің патшалары бір-бірінен мемлекеттік құрылысына сәйкес ерекшеленеді» - деп хабарлайды. Қимақ мемлекеті құрылған соң (ІХ ғ.с. – Х ғ.б.) билеушісі «қаған» атағына ие болған. «Қаған – түріктердің басты патшасы. Қаған – бұл хандардың ханы, яғни басшылардың басшысы» - деп Әл-Хорезми тұжырымдаған. Қаған атағы «ябғу» атағынан екі саты жоғары болған.

Қимақтар мемлекетінің қалыптасу процесі мен билеушілерінің атақтарының синхрондық дамуын төмендегідей схемадан көруге болады:

Әл-Идриси: «Қаған атағын патша жанұясының мүшесі ғана иелене алған» - деп хабарлайды. Яғни билік мұрагерлік жолмен беріліп отырылған. «Худуд әл-аламда»: «Қимақ қағанының 11 билеушісі бар және олардың билігі балаларына мұрагерлік жолмен беріліп отырылады» - делінген.

Қимақ мемлекетінің қалыптасу процесі барысында әскери институттар басты рөл атқарған. Билеушілер бізмезгілде билеуші және әскери көсем қызметін атқарған. Олар қызметі үшін қағаннан үлестік жер алған. Үлестік иеліктер қағанға белгілі бір әскердің контингентін шығарып отырған. Осы үлестік иеліктерде этникалық орта көбінесе бір тайпаның өкілдерінен

құралған. Удельдік – тайпалық жүйенің пайда болуы қоғамдық құрылысқа үлкен өзгерістер әкелген.

Удель – облыстардың иелері, қимақ қағанының вассалдары болды. Олардың кейбіреулері жартылай тәуелсіз билеушіге айналды. «Худуд әл-Аламда» аталған 11 билеуші осындай 11 облыстың болғандығына дәлел.

Қимақ қоғамында таптық жіктеліс болған. Әл-Идриси: «Тек ақсүйектер ғана – қызыл және сары жібектен киім киген» - дейді. «Нузхат әл-муштак» еңбегінде қимақтар даласында атты әскермен қатар жаяу әскер болғаны хабарланады. Сөзсіз жаяу әскердің континенті кедей жауынгерлерден тұрған.



Ал археологиялық материалдар құндылығы мен саны жағынан ерекшеленуі жоғарыда аталған мәліметтерді дәлелдей түседі.

Қимақ қоғамындағы терең ішкі жіктеліс бір жағынан, көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан аристократияның қалыптасуына әкелсе, екінші жағынан, көшпелілердің көп бөлігінің қайыршылануына әкеледі.

Кедейленген көшпелілер ортасында отырықшылыққа көшу процесі жүрді. Кедейленген адамдардың бұл әлеуметтік категориясын Махмуд Қашғари «ятуқ» (жатақ) деп атады. Оларды былай сипаттайды: «Ғұздардың қалаларында тұратын, жерден жерге көшпейтін және соғыспайтын, яғни еріншек тобы» - дейді.

Олар үй жануарларынан мүйізді ірі қара өсірді. Жер шаруашылығымен қатар қолөнермен, балық шаруашылығымен айналысты. Көшпелі тұрақтары кішігірім елді-мекендердегі тұрғын үйлерден тұрған. Ал қимақ мемлекеті құрылған кезде қоғам ішіндегі сауда қатынастарының, сонымен қатар белгілі бір елдермен сауда қатынастарының нәтижесінде кішігірім елді-мекендер қалаларға айналған. Ортағасырлық қалалар әскери-әкімшілік, сауда, қолөнер және жер шаруашылығының орталықтарына айналды. Жоғарыда айтылған мәліметтерден мынадай қорытынды шығаруға болады: қимақтар IX ғасырдың соңы – XI ғасырдың басында ерте феодалдық мемлекет болған.